

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 375 қаулысы . Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 5112 болып тіркелді

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 25.02.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 139-бабы 9-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 25.02.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мына қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт салаларындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2016 жылғы 24 наурыздағы № 85 (2016 жылғы 4 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3725 болып тіркелді);

2) "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт салаларындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 24 наурыздағы № 85 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2018 жылғы 6 маусымдағы № 161 (2018 жылғы 29 маусымда Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4769 болып тіркелді).

3. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мыналарды:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы – Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жариялауға жатады және 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі

Қ. Ақсақалов

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының хатшысы

_____ В.Бубенко

2018 жылғы _____

Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2018 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 375 қаулысына
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысының азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жана редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 25.02.2022 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен

соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; 24.05.2023 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Білім беру мамандарының лауазымдары:

1) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;

2) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

3) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын: әдістемелік кабинет (орталық) басшысы;

4) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация басшысы;

5) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы (шағын жиынтықты мектептен, мектепке дейінгі білім беру ұйымынан, әдістемелік кабинеттен (орталықтан), психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінен басқа);

6) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары (шағын жинақталған мектептен басқа);

7) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын: шағын жинақталған мектептің, мектепке дейінгі білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталық), психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің басшысы;

8) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын: шағын жинақталған мектеп басшысының орынбасары;

9) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бөлімшесінің меңгерушісі (басшысы);

10) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының оқытушысы;

11) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, арнайы (түзету) және мамандандырылған білім беру ұйымдарының барлық мамандықтағы мұғалімдері – біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

12) мұғалім-дефектолог (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог) – біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар ;

13) мұғалім-логопед – біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

14) бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушы – біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

15) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өндіріске үйрету шебері – біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

16) тәлімгер – біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

17) тәрбиеші – біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

18) әдіскер (негізгі қызметтердің) – біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

19) дене шынықтыру бойынша нұсқаушы (негізгі қызметтердің) – біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

20) музыкалық жетекші (негізгі қызметтердің) – біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

21) қосымша білім беретін педагог – біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

22) ұйымдастырушы педагог – біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

23) педагог-психолог – біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

24) әлеуметтік педагог – біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

25) зертханашы – біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

26) жаттықтырушы-оқытушы – біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі санаты жоқ мамандар;

27) логопед – біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

28) психолог – біліктілігі жоғары деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

29) барлық мамандықтағы дәрігерлер – біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

30) мейірбике (мейіргер) – біліктілігі жоғары, орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

31) диеталық мейірбике – біліктілігі орташа деңгейлі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

32) кітапхана меңгерушісі;

33) шеберхана меңгерушісі;

34) лагерь басшысы (меңгерушісі);

35) интернат басшысы (меңгерушісі);

- 36) әдіскер – біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі мамандар;
- 37) библиограф – біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі мамандар;
- 38) кітапханашы – біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі мамандар;
- 39) аккомпаниатор – біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі мамандар;
- 40) концертмейстер – біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі мамандар;
- 41) мәдени ұйымдастырушы – біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі мамандар;
- 42) хормейстер – біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі мамандар;
- 43) көркемдік жетекші – біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар;

44) барлық атаудағы суретшілер – біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі мамандар;

45) хореограф – біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар.

46) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бас бухгалтері (әдістемелік, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация кабинеттерінен басқа);

47) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бас бухгалтерінің орынбасары (әдістемелік, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация кабинеттерінен басқа);

48) облыстық маңызы бар орталықтандырылған бухгалтерияның бас бухгалтері;

49) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бас бухгалтері: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация;

50) аудандық маңызы бар орталықтандырылған бухгалтерияның бас бухгалтері;

51) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бас бухгалтерінің орынбасары;

52) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бас экономисі;

53) облыстық маңызы бар орталықтандырылған бухгалтерияның бас экономисі;

54) аудандық маңызы бар орталықтандырылған бухгалтерияның бас экономисі;

55) бухгалтер;

56) экономист;

57) мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер.

2. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:

1) аудандық аурухананың, аудандық емхананың, аудандық диспансердің басшысы;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның клиникалық (жедел медициналық көмек көрсету бөлімшелерінің, күндізгі стационардың, емхананың) және параклиникалық бөлімшелерінің меңгерушілері;

4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның клиникалық (сәулелі диагностика, функционалдық диагностика, физиотерапия және емдік дене шынықтыру бөлімшесінің, стоматология кабинетінің немесе бөлімшесінің) және параклиникалық бөлімшелерінің (зертханалардың) меңгерушілері;

5) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының мейіргер ісі жөніндегі орынбасары;

6) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бөлімшесінің, қызметінің, бөлімінің (медициналық статистика, ұйымдастырушылық-әдістемелік және статистикалық, ақпараттық-талдау) басшылары;

7) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын дәріханасының (дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімінің) меңгерушісі;

8) барлық мамандықтағы дәрігерлер – біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

9) кеңейтілген практика мейіргері, провизор (фармацевт) – біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санаты және санаты жоқ мамандар;

10) денсаулық сақтау саласындағы сарапшы-маман, зертхана маманы, қоғамдық денсаулық сақтау маманы (эпидемиолог, статистик, әдіскер), инженер-медицина физигі, сәулелік жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер, инженер радиохимик – біліктілігі жоғарғы деңгейдегі санаты жоқ мамандар;

11) фельдшер, акушер, зертханашы (медициналық), мейіргер, тіс дәрігері (дантист), тіс технигі (тіс протездеу бөлімшесінің, кабинетінің зертханашысы), стоматолог-дәрігердің көмекшісі (стоматологтың ассистенті), рентген зертханашысы, фармацевт, стоматологиялық гигиенист, оптик және оптикометрист, емдік дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы, диеталық мейірбике – біліктілігі орташа деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

12) медициналық тіркеуші, техник-дозиметрист, нұсқаушы-дезинфектор – біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар;

13) барлық мамандықтағы мұғалімдер – біліктілігі жоғарғы, орташа деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

14) тәрбиеші, логопед, психолог маман, дефектолог – біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

15) тәрбиеші, емдік дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы – біліктілігі орташа деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

16) әлеуметтік қызметкер – біліктілігі жоғарғы, орташа деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

17) кітапханашы, биохимик – біліктілігі жоғарғы және орташа деңгейдегі мамандар;

18) кіші мейіргер – техникалық орындаушылар.

3. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

- 1) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;
- 2) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 3) облыстық маңызы бар стационарлық үлгідегі және жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның медициналық бөлімшесінің меңгерушісі;
- 4) облыстық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі;
- 5) барлық мамандықтағы дәрігерлер – біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 6) мейіргер – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 7) акушер – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 8) зертханашы – біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 9) провизор (фармацевт) – біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 10) зертханашы (медициналық) – біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 11) диеталық мейірбике – біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 12) фармацевт – біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 13) медициналық тіркеуші – біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар;
- 14) емдік дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы – біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар;
- 15) барлық мамандықтағы мұғалімдер – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 16) тәрбиеші – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 17) логопед – біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 18) дефектолог – біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 19) әдіскер – біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 20) психолог – біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

21) еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

22) жүзу жөніндегі нұсқаушы – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

23) медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар) әдіскері – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

24) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

25) мәдени ұйымдастырушы (бұқаралық жұмыс жөніндегі ұйымдастырушы) – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

26) музыкалық жетекші – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

27) дәріхана меңгерушісі;

28) кітапханашы – біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі мамандар.

29) ауданның Мансап орталығының басшысы;

30) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

31) аудандық маңызы бар Мансап орталығы секторының басшысы;

32) аудандық маңызы бар Мансап орталығы бөлімінің басшысы;

33) аудандық маңызы бар Мансап орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты – біліктілігі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ жоғары және орта деңгейдегі маман;

34) аудандық маңызы бар Мансап орталығының құрылымдық бөлімшесінің маманы – біліктілігі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ жоғары, орта деңгейдегі маман;

35) бағдарламашы – біліктілігі жоғары, орта деңгейдегі маман;

36) аудандық маңызы бар Мансап орталығының ассистенті.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 07.12.2023 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

1) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы (директоры);

2) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының (директорының) орынбасары;

3) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорындағы филиалдың басшысы (директоры);

4) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бөлімінің басшысы;

5) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын секторының басшысы;

6) музейлер қорын есепке алу архивисті – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

7) барлық атаудағы әдіскер (негізгі қызметтер) – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

8) қор сақтаушы – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

9) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер) – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

10) экскурсовод – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

11) архивист – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

12) әдіскер – біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар;

13) мемлекеттік мекемеге және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынға шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын құрылымдық бөлімшенің басшысы: шаруашылық.

5. Спорт мамандарының лауазымдары:

1) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;

2) облыстық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;

4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

5) облыстық маңызы бар аға жаттықтырушы;

6) облыстық маңызы бар аға жаттықтырушы-оқытушы;

7) аудандық маңызы бар аға жаттықтырушы;

8) барлық мамандықтағы дәрігер – біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

9) мейіргер (мамандандырылған) – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

10) әдіскер – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

11) психолог – біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

12) жаттықтырушы – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

13) нұсқаушы-спортшы – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар;

14) жаттықтырушы-оқытушы – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар;

15) психолог – біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар;

16) ат спорты түріндегі мал дәрігері – әкімшілік қызметтерді орындайтын біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі мамандар;

17) нұсқаушы (нұсқаушы-спортшыдан басқа) – әкімшілік қызметтерді орындайтын біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі мамандар.

6. Орман шаруашылығы мамандарының лауазымдары:

1) облыстық маңызы бар орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы;

2) облыстық маңызы бар коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;

3) облыстық маңызы бар коммуналдық мемлекеттік мекеме құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің) басшысы;

4) орман шаруашылығы негізгі қызметтердің барлық мамандықтарының инженерлері – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

5) орманшы (инспектор) – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

6) аңшылықтанушы – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

7) орман (учаске) шебері – біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар.